

Үлкен пішімді дисплей

# **Пайдаланушы нұсқаулығы**

# **MultiSync V552**

# **MultiSync V652**

|   |          |
|---|----------|
| Сәйкестік туралы декларациясы.....                                    | Қазақ-1  |
| Маңызды ақпарат.....  | Қазақ-2  |
| ЕСКЕРТУ.....  | Қазақ-2  |
| АБАЙ БОЛЫҢЫЗ.....   | Қазақ-2  |
| Қауіпсіздік шаралары, қолдану және пайдалануға арналған кеңестер..... | Қазақ-3  |
| Қауіпсіздік шаралары мен техникалық қолдау көрсету.....               | Қазақ-3  |
| Пайдалануға арналған кеңестер.....                                    | Қазақ-3  |
| Эргономия.....  | Қазақ-3  |
| Сұйық кристалдық тақтаны тазалау.....                                 | Қазақ-3  |
| Корпусты тазалау.....   | Қазақ-3  |
| Мазмұны.....  | Қазақ-4  |
| Орнату.....   | Қазақ-5  |
| Орнату құралдарын бекіту.....   | Қазақ-6  |
| Бөлшектер атаулары мен функциялары.....                               | Қазақ-8  |
| Басқару тақтасы.....  | Қазақ-8  |
| Терминал тақтасы.....   | Қазақ-9  |
| Сымсыз қашықтан басқару.....  | Қазақ-11 |
| Қашықтан басқару құралының пайдалану ауқымы.....                      | Қазақ-12 |
| Орнату.....   | Қазақ-13 |
| Байланыстар.....  | Қазақ-15 |
| Сым өткізу диаграммасы.....   | Қазақ-15 |
| Жеке компьютерді қосу.....  | Қазақ-16 |
| DVD плеерін немесе компьютерді HDMI шығумен қосу.....                 | Қазақ-16 |
| Компьютерді DisplayPort стандартына қосу.....                         | Қазақ-16 |
| Негізгі операция.....   | Қазақ-17 |
| Қуат ON (ҚОСУЛЫ) және OFF (ӨШІРУЛІ) режимдері.....                    | Қазақ-17 |
| Қуат көрсеткіші.....  | Қазақ-18 |
| Қуатты басқару мүмкіндігін пайдалану.....                             | Қазақ-18 |
| Сурет аспектісі.....  | Қазақ-18 |
| OSD жөнінде ақпарат.....  | Қазақ-19 |
| Сурет режимі.....   | Қазақ-19 |
| OSD (On-Screen-Display) (Экранда көрсету) басқару элементтері.....    | Қазақ-20 |
| PICTURE (СУРЕТ).....  | Қазақ-21 |
| ADJUST (РЕТТЕУ).....  | Қазақ-21 |
| AUDIO (ДЫБЫС).....  | Қазақ-22 |
| SCHEDULE (КЕСТЕ).....   | Қазақ-22 |
| PIP (СУРЕТ ІШІНДЕГІ СУРЕТ).....                                       | Қазақ-23 |
| OSD.....  | Қазақ-23 |
| MULTI DISPLAY (МУЛЬТИ ДИСПЛЕЙ).....                                   | Қазақ-24 |
| DISPLAY PROTECTION (ДИСПЛЕЙ ҚОРҒАНЫСЫ).....                           | Қазақ-26 |
| ADVANCED OPTION (ҚОСЫМША ПАРАМЕТР).....                               | Қазақ-27 |
| Қашықтан басқару функциясы.....                                       | Қазақ-30 |
| LCD мониторын RS-232C Қашықтан басқару арқылы басқару.....            | Қазақ-32 |
| LCD мониторын RS-232C LAN басқаруы арқылы басқару.....                | Қазақ-34 |
| Желіге қосылу.....  | Қазақ-34 |
| HTTP браузерін пайдалану арқылы желі параметрі.....                   | Қазақ-34 |
| Мүмкіндіктер.....   | Қазақ-39 |
| Ақауларды жою.....  | Қазақ-40 |
| Сипаттамалар - V552.....  | Қазақ-41 |
| Сипаттамалар - V652.....  | Қазақ-42 |
| Бекітуді тағайындау.....  | Қазақ-43 |
| Өндірушінің қайта өңдеу және энергия жөніндегі ақпараты.....          | Қазақ-44 |

## Сәйкестік туралы декларациясы

Бұл құрылғы АҚШ федералды байланыс комиссиясы ережесінің 15-бөлімімен сәйкес келеді. Пайдалану келесі екі жағдайға сәйкес болады.

(1) Бұл құрылғы зиянды кедергі келтірмеуі қажет және (2) бұл құрылғы алынған кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысқа бөгет болуы мүмкін кедергілерді қабылдауы қажет.

|                            |   |
|----------------------------|---|
| <b>АҚШ жауапты тарабы:</b> | <b>NEC Display Solutions of America, Inc.</b> |
| <b>Мекенжайы:</b>          | <b>500 Park Boulevard, Suite 1100</b>         |
|                            | <b>Itasca, Illinois 60143</b>                 |
| <b>Тел.:</b>               | <b>(630) 467-3000</b>                         |

|                            |  |
|----------------------------|--|
| Өнім түрі:                 | Дисплей мониторы                               |
| Жабдықтың классификациясы: | Перифериялық В классы                          |
| Үлгісі:                    | MultiSync V552 (V552)<br>MultiSync V652 (V652) |



Біз жоғарыда сипатталған құрылғының АҚШ федералды байланыс комиссиясының ережелері көрсеткен техникалық стандарттарға сәйкес келетін мәлімдейміз.

### АҚШ федералды байланыс комиссиясы туралы ақпарат

- Радио және телевизиялық сигналдың қабылдануына бөгет жасамау үшін берілген арнайы кабельдерді осы түсті монитормен пайдаланыңыз.
  - FCC сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ұсынылған қуат кабелін немесе эквивалентті пайдаланыңыз.
  - Берілетін қорғалған бейне сигналы кабелін пайдаланыңыз, DVI-D - DVI-D кабелі.
- Бұл жабдық АҚШ федералды байланыс комиссиясы ережесінің 15-бөліміне сәйкес В классы цифрлық құрылғыларына арналған шектеулермен тексерілген және сәйкестігі мақұлданған. Бұл шектеулер тұрғын үйлерде орнату кезінде зиянды кедергілерден зерделі қорғау үшін жасап шығарылған. Бұл жабдық радиожиілік энергиясын бөледі, пайдаланады және сәуле таратуы мүмкін, егер нұсқаулыққа сай орнатылмаса және пайдаланылмаса, радио байланыстарына зиянды әсер тигізуі мүмкін. Алайда кедергілердің кез келген орнату кезінде пайда болмауына кепілдік берілмейді. Егер жабдықты қосып, өшіру арқылы оның радио немесе теледидар қабылдауына зиянды әсер беретіндігі анықталса, пайдаланушының келесі әрекеттердің бірі не бірнешеуі арқылы кедергіні түзетіп көруіне болады:
  - Қабылдау антеннасының бағытын немесе орнын өзгертіңіз.
  - Жабдық пен қабылдағыш арасындағы аралықты алшақтатыңыз.
  - Жабдықты қабылдағыш қосылғаннан басқа тізбектегі розеткаға жалғаңыз.
  - Анықтама алу үшін дилерге немесе тәжірибелі радио/ТД қызметкеріне хабарласыңыз.

Қосымша көмек алу қажет болса, пайдаланушының жеткізушімен немесе тәжірибелі радио/теледидар маманымен хабарласқаны жөн. Пайдаланушы федералды байланыстар комиссиясы дайындаған келесі кітапшаны пайдалана алады: «Радио-Теледидар кедергі проблемаларын анықтау және шешу жолдары.» Бұл кітапша U.S. Government Printing Office, Washington, D.C., 20402, Stock No. 004-000-00345-4 мекенжайы бойынша қол жетімді.

Windows – Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

NEC – NEC корпорациясының тіркелген сауда белгісі.

OmniColor – Еуропалық Одақ пен Швейцарияда NEC Display Solutions Europe GmbH тіркелген сауда белгісі  
DisplayPort және DisplayPort Compliance Logo — Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі Бейне электрониканы стандарттау ассоциациясының сауда белгісі.

PJLink сауда белгісі - Жапонияда, Америка Құрама Штаттарында және басқа елдер мен аймақтарда қолданылатын сауда белгісі.  
CRESTRON және ROOMVIEW - АҚШ-тағы және басқа елдердегі Crestron Electronics, Inc. компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Барлық басқа брендтер мен өнім атаулары – олардың сәйкес қожайындарының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



HDMI шарттары мен HDMI High-Definition Multimedia Interface және HDMI Logo — Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



# Маңызды ақпарат



## ЕСКЕРТУ



ӨРТ ШЫҒУ НЕМЕСЕ ТОК СОҒУ ҚАУПІН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫҒА СУ НЕМЕСЕ ЫЛАҒАЛ ТИГІЗБЕҢІЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ПОЛЯРЛЫҚ АШАСЫН ТОЛЫҚ ЕНГІЗІЛЕТІН ТІСШЕЛЕРДІҢ ОРНЫНА ҰЗАРТҚЫШ РОЗЕТКАМЕН НЕМЕСЕ БАСҚА ДА РОЗЕТКАМЕН ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

ЖОҒАРЫ КЕРНЕУЛІ БӨЛШЕКТЕРІ БАР БОЛҒАНДЫҚТАН КОРПУСЫН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛКІТІ МАМАҢДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.



## АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ТОК СОҒУ ҚАУПІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН ҚУАТ КАБЕЛІНІҢ ҚАБЫРҒА РОЗЕТКАСЫНАН АЖЫРАТЫЛҒАНЫН ТЕКСЕРІҢІЗ. ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚУАТЫН ТОЛЫҚ ӨШІРУ ҮШІН ҚУАТ КАБЕЛІН АТ РОЗЕТКАСЫНАН АЖЫРАТЫҢЫЗ. ҚАҚПАҚТЫ (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ҚАҚПАҚТЫ) АЛЫП ТАСТАМАҢЫЗ. ҚҰРЫЛҒЫ БӨЛІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ЖӨНДЕМЕУІ ҚАЖЕТ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛКІТІ МАМАҢДАР ОРЫНДАУЫ ТИІС.



Бұл символ пайдаланушыны құрылғы ішіндегі изоляцияланбаған кернеудің ток соғу қаупіне әкелуі мүмкін екендігін ескертеді. Сондықтан осы құрылғы ішіндегі кез келген бөлікке жанасу қауіпті.



Бұл символ пайдаланушыға осы құрылғы бойынша жұмыс жүргізу және қызмет көрсету жөнінде маңызды әдебиеттер бар екенін хабарлайды. Сондықтан мәселелердің алдын алу үшін оны мұқият оқу қажет.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** Осы монитормен берілген қуат кабелін төмендегі кестеге сай пайдаланыңыз. Егер қуат кабелі осы жабдықпен бірге берілмесе, жеткізушіге хабарласыңыз. Барлық басқа жағдайларда электр розеткасының айналымы токпен сәйкес келетін және еліңіздің қауіпсіздік стандарты бекіткен және соған сәйкес келетін қуат кабелін пайдаланыңыз.

| Аша түрі    | Солтүстік Америка | Еуропаық<br>Континенттік          | Құрама Корольдік | Қытай | Жапон   |
|-------------|-------------------|-----------------------------------|------------------|-------|---------|
| Аша кескіні |                   |                                   |                  |       |         |
| Аймақ       | АҚШ/Канада        | ЕО (Құрама<br>Корольдіктен басқа) | Құрама Корольдік | Қытай | Жапония |
| Кернеу      | 120*              | 230                               | 230              | 220   | 100     |

\* Айналымы тогы 125-240В қуат көзін қамтитын монитормен жұмыс істеген кезде пайдаланылып жатқан айналымы ток электр розеткасының қуат көзі кернеуімен сәйкес келетін қуат кабелін пайдаланыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Бұл өнімге ол сатып алынған елде ғана қызмет көрсетіледі.

- Осы өнімнің негізгі пайдалану бағыты кеңсе немесе үй жағдайында ақпараттық технология жабдығы ретінде пайдалану болып табылады.
- Өнімнің компьютерге жалғануы қажет және теледидар бағдарламаларын тарату сигналдарын көрсетуге арналмаған.

# CE EAC

# Қауіпсіздік шаралары, қолдану және пайдалануға арналған кеңестер

ТИИМДІ ЖҰМЫС ІСТЕУ ҮШІН ОРНАТУ МЕН ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНДА КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ЕСКЕРІҢІЗ МУЛЬТИ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МОНИТОР:

- **МОНИТОРДЫ АШПАҢЫЗ.** Құрылғы бөліктерін пайдаланушының жөндемеуі қажет және қақпақтарды ашу немесе жабу қауіпті ток соғу немесе басқа да қауіптерге әкелуі мүмкін. Қызмет көрсетуді білікті мамандар орындауы тиіс.
- Корпусқа қандай да бір сұйықтықты төкпеңіз немесе мониторды суға жақын жерде пайдаланбаңыз.
- Корпус ұшықтарына қандай да бір нәрселерді енгізбеңіз, олардың зиянды немесе ажалды болуы мүмкін немесе ток соғуын, өртенуді немесе жабықтың бұзылуын туындатағын қауіпті кернеу нүктелеріне тиіп кетуі мүмкін.
- Қандай да бір ауыр заттарды қуат кабеліне қоймаңыз. Кабельді зақымдау ток соғуына немесе өрт шығуына әкелуі мүмкін.
- Осы өнімді қысық немесе орнықсыз көлікке, тірекке немесе үстелге қоймаңыз, монитордың құлап, ауыр зақымдануы мүмкін.
- Құрылғыны бетін жоғары, төмен немесе төңкеріп ұзақ уақыт бойы қоймаңыз, өйткені бұл оның экранына айтарлықтай зиян алып келеді.
- Пайдаланып жатқан қуат кабеліңіз еліңіздегі қауіпсіздік шараларымен бекітілген немесе соған сәйкес болуы керек. (Еуропада H05VV-F 3G 1mm<sup>2</sup> түрі қолданылуы қажет).
- Құрама Корольдікте Стандарттар бюросы бекіткен осы монитормен пайдалануға жасап шығарылған қара (13A) сақтандырғыш пішінді ашасы бар қуат кабелін пайдаланыңыз.
- Мониторға қандай да бір нәрселерді қоймаңыз және мониторды далада пайдаланбаңыз.
- Оны майыстырмаңыз, бүкпеңіз, әйтпесе қуат кабеліне зақым келеді.
- Егер шыны сынған болса, оны абайлап алыңыз.
- Монитор тесігін жабушы болмаңыз.
- Мониторды жоғары температурада, ылғалды, лас немесе майлы аймақтарда қолданбаңыз.
- Егер монитор немесе шыны сынған болса, сұйық кристалды ұстаушы болмаңыз және абайлап алыңыз.
- Ыстық дұрыс сейілуі үшін монитордың айналасында дұрыс вентиляция болуы керек. Желдету ұшықтарын жаппаңыз немесе мониторды радиатор немесе басқа да ыстық нәрселердің жанына қоймаңыз. Монитордың үстіне ешнәрсе қоюшы болмаңыз.
- Қуат кабелінің коннекторы жүйені қуат көзінен ажыратудың бастапқы құралы болып табылады. Монитор розеткаға оңай қосылу үшін жақын орнатылуы керек.
- Артқы жағындағы ілгішке жіп немесе сым ілу арқылы құралды жылжытушы немесе орнатушы болмаңыз. Артқы жағындағы ілгішті пайдаланып осы құралды орнатушы немесе бекітуші болмаңыз. Ол құлап, сізге жарақат алып келуі мүмкін.
- Тасымалдау кезінде абай болыңыз. Тасымалдау үшін қаптаманы сақтап қойыңыз.
- Салқындату вентиляторын үздіксіз пайдалансаңыз, айына кемінде бір рет тесіктерін сүрткіп тұруға кеңес береміз.
- Сенімді болу үшін кір мен шаңды алдын алу мақсатында кемінде жылына бір рет корпусстың артқы жағындағы тесіктерді тазалап тұрыңыз.
- LAN кабелін пайдаланғанда, артқы кернеуі болуы мүмкін сыммен бірге қосымша құрылғыға қосушы болмаңыз.
- Мониторды жылдам температура және ылғалдылық өзгерістері кезінде пайдаланбаңыз немесе тікелей кондиционер розеткасына суық ауаның кіріп кетпеуін қадағалаңыз, өйткені ол мониторыңыздың жарамдылық кезеңін қысқартып, конденсацияның пайда болуына алып келуі мүмкін. Егер конденсация орын алса, монитор қойындысын конденсация жойылғанша тоққа қоспап тұра тұрыңыз.

Теледидарға қосу\*

- Кабель тарату жүйесі ANSI/NFPA 70, Ұлттық электр коды, әсіресе 820.93 бөлімі, коаксиалдық кабелдің сыртқы өткізгіш қорғанысына сәйкес жерге тұйықталған болуы керек.
- Коаксиалдық кабелдің экраны ғимаратты орнатуда жерге байланыстырылуы қажет.

Келесі жағдайларда мониторыңызды қабырғадағы розеткадан тез арада ажыратып, білікті қызмет көрсетуші маманға хабарлаңыз:

- Қуат көзінің кабелі немесе штепсель айыры зақымдалса.
- Егер монитордың үстіне сұйық зат төгілсе немесе зат құласа.
- Егер монитор жаңбыр немесе су астында қалып қойса.
- Егер монитор құлап қалса немесе корпусы зақымдалса.
- Егер ол зақымдалу нәтижесінде сықырлаған дыбыстар шығарып немесе теңселіп жатса.
- Егер монитор берілген операциялық нұсқаулар бойынша дұрыс жұмыс істемесе.

## Пайдалануға арналған кеңестер

- Тиімді жұмыс істеуі үшін қызуына 20 минут уақыт беріңіз.
- Бір нысанға қарап отырып кемінде 5 фут қашықтықта көздеріңізді үздік-үздік демалдырыңыз. Жиі жыпылықтатып тұрыңыз.
- Жарқырау мен шағылысу азайту үшін мониторды терезеге және басқа да жарық көздеріне 90° бұрыш жасайтындей етіп орналастырыңыз.
- Сұйық кристалдық мониторды мамықсыз, қатты емес матамен сүрткіңіз. Тазалағыш ерітіндіні немесе әйнек сүрткішті пайдаланбаңыз!
- Оқуды күшейту үшін жарық, контраст және анықтығын басқару элементтерді реттеңіз.
- Суретті сақтауды (сурет әсерлерінен кейін) алдын алу үшін ұзақ уақыт бойы монитор бетіне бекітілген үлгілерді көрсетуші болмаңыз.
- Көздеріңізді жиі тексертіп тұрыңыз.

## Эргономия

Максималды эргономиялық пайданы іске асыру үшін келесі нәрселерді ұсынамыз:

- Стандартты сигналдармен бірге Өлшем мен Орынды алдын ала орнату басқару элементтерін пайдаланыңыз.
- Түсті алдын ала орнату параметрін пайдаланыңыз.
- Реттелмеген сигналдарды пайдаланыңыз.
- Қара фонда бастапқы көк түсті пайдаланбаңыз, өйткені бұл көруді қиындатады және жеткіліксіз контраст себебінен көзді талдырады.
- Экраннан шығатын шағылысулардың ауытқуын болдырмау үшін басқарылатын жарқырайтын орталардағы көңіл көтеру мақсаттарына жарамды.

## Сұйық кристалдық тақтаны тазалау

- Сұйық кристалдық тақтасы лас болғанда, жұмсақ матамен абайлап сүрткіңіз.
- Сұйық кристалдық тақтаны қатты затпен сүртпеңіз.
- Сұйық кристалдық тақта бетіне қысым түсірмеңіз.
- ОА тазалағышын пайдаланбаңыз, өйткені ол сұйық кристалдық тақта бетіне зақым алып келіп немесе түсін өзгертуі мүмкін.

## Корпусты тазалау

- Қуат көзін ажыратыңыз
- Корпусты жұмсақ матамен мұқият сүрткіңіз
- Корпусты тазалау үшін матаны бейтарап жуғыш құралмен және матамен дымқырап, корпусты сүрткіңіз және құрғақ матамен қайта сүрткіңіз.


**ЕСКЕРТУ:** Бензол сұйықтығын, сілтілі тазалаушы құралды, құрамында алкоголь бар тазалаушы құрал, шыны тазалаушы, балауыз, қырнап тазалаушы, ұнтақ немесе инсектицид пайдаланып тазалаушы болмаңыз. Корпус резеңке немесе винилмен ұзақ уақыт бойы қатынаста болмауы қажет. Сұйықтықтардың және заттардың осы түрлері түстің бұзылуына, сынуына немесе жоғалуына алып келуі мүмкін.

\* Сіз сатып алған осы өнімде келесі мүмкіндік болмауы мүмкін.


# Мазмұны

Жаңа MultiSync монитор жәшігі\* келесі нәрселерді қамтуы тиіс:


- LCD монитормы
- Қуат кабелі\*<sup>1</sup>
- Бейне сигнал кабелі
- Сымсыз басқару құралы және AA батареялары
- Орнату нұсқаулығы
- CD-ROM
- Қысқыш x 3 (V552)/ x 1 (V652)
- Шайбалы бұранда (M4 x 10) x 3 (V552)/ x 1 (V652)
- Қосымша тіреуге арналған қалпақты бұранда x 2\*<sup>2</sup>



Бейне сигнал кабелі  
(DVI-D-ді DVI-D-мен қосатын кабель)



Қуат кабелі\*<sup>1</sup>



Орнату нұсқаулығы



CD-ROM

Орнату нұсқаулығы



Сымсыз басқару құралы және AA  
батареялары



Қосымша тіреуге арналған  
қалпақты бұранда x 2\*<sup>2</sup>



Шайбалы бұранда (M4 x 10)  
x 3 (V552)/ x 1 (V652)



Қысқыш x 3 (V552)/  
x 1 (V652)

\* Түпнұсқа жәшікті сақтап, монитормды тасымалдау үшін заттарды жинауды естен шығармаңыз.

\*<sup>1</sup> Енгізілген қуат кабельдерінің түрі мен нөмірі LCD монитормының тасымалданатын жеріне байланысты болады. Біреуден көп қуат кабелі енгізілсе, қуат розеткасының АС кернеуіне сай және еліңізде бекітіліп, қауіпсіздік стандартына сәйкес болатын қуат кабелін пайдаланыңыз.

\*<sup>2</sup> V552 ғана.

# Орнату

Құрылғы қамтамасыз етуге арналған үстел тіреусіз немесе басқа да орнату қосымша құралсыз пайдаланып немесе орнатыла алмайды. Дұрыс орнату үшін тәжірибелі NEC өкілеттігі бар қызметшіге хабарласуыңыз жөн. NEC стандартын орнату процедурасында жіберген қателіктер жабдықты зақымдауы мүмкін немесе пайдаланушыға немесе орнатушыға жарақат тигізуі мүмкін. Өнімге берілген кепілдік дұрыс емес орнатылған жабдықтың шығынын өтемейді. Берілген ұсыныстардан бас тартылған жағдайда кепілдік жойылады.

## Орнату

Мониторды өз бетінше орнатушы БОЛМАҢЫЗ. Сатушыдан көмек сұраңыз. Дұрыс орнату үшін тәжірибелі, білімді қызмет көрсетушіге хабарласқан жөн. Құрылғыны орнатпастан бұрын оның орнын тексеріп алыңыз. Қабырғаға немесе төбеге ілу толықтай клиенттің өз жауапкершілігінде. Құрылғының салмағын барлық қабырғалар мен төбелер көтере бермейді. Өнімге берілген кепілдік дұрыс емес орнатқаннан, қайта жөндеуден немесе табиғи апат салдарынан болған шығындарды өтемейді. Берілген ұсыныстарды орындамау кепілдікті жояды.


Вентиляцияға арналған тесіктерді орнату құралдарымен немесе басқа да заттармен блоктаушы БОЛМАҢЫЗ.

### NEC білікті қызметкерлер үшін:

Құрылғыны орнатқанда қауіпсіздікте сенімді болу үшін екі немесе бірнеше негіз пайдаланыңыз. Құрылғыны орнатылатын орынның кемінде екі жеріне бекітіңіз.


## Қабырғаға немесе төбеге орнатқанда келесі жағдайларды ескеріңіз

- NEC корпорациясы бойынша бекітілгеннен бөлек басқа орнату құралдарын пайдаланғанда, олар VESA-үйлесімді (FDMlv1) орнату әдісіне сәйкес болу қажет.
- NEC корпорациясы Солтүстік Америкада UL1678 стандартына сәйкес болатын орнату интерфейстерін ұсынады.
- V552:** NEC корпорациясы өлшемі М6 болатын бұрандаларды пайдалануды ұсынады (10-12 мм + негіз бен шайба қалыңдығы  $\varnothing$  8,5 мм-ден аспайды (V552)  $\varnothing$  10,0 мм-ден аспайды (V652)). Егер пайдаланылатын бұрандалар 10-12 мм-ден ұзын болса, тесіктің тереңдігін тексеріп алыңыз. (Ұсынылатын бекіту күші: 470 - 635N•см) Негіз тесігі  $\varnothing$  8,5 мм-ден аспауы қажет.
- V652:** NEC корпорациясы өлшемі М8 болатын бұрандаларды пайдалануды ұсынады (15-17 мм + негіз бен шайба қалыңдығы ұзыннан). Егер пайдаланылатын бұрандалар 15-17 мм-ден ұзын болса, тесіктің тереңдігін тексеріп алыңыз. (Ұсынылатын бекіту күші: 1125 - 1375N•см) Негіз тесігі  $\varnothing$  10,0 мм-ден аспауы қажет.
- Орнатпастан бұрын құрылғыға зақым тимес үшін құрылғының салмағын көтере алатындай орнатылатын орынды тексеріп алыңыз.
- Толық мәлімет алу үшін орнатылатын жабдыққа арналған нұсқауларды оқыңыз.
- Монитор мен негіз арасында ешқандай бос орын жоқ екеніне сенімді болыңыз.
- Бейне қабырға конфигурациясында ұзақ уақыт бойы пайдаланған кезде, дисплейлер температура өзгерістеріне байланысты аз ғана кеңеюі мүмкін. Осыған байланысты жақын арадағы дисплей жиктертері арасында бір миллиметрден артық аралық қалдыруға кеңес беріледі.



## Бағыт-бағдар

- Дисплейді портреттік бағытта пайдаланғанда, монитордың сол жағы жоғары жылжитындай, ал оң жағы төменде болатындай сағат тілімен бұралады. Бұл дұрыс вентиляцияны қамтамасыз етіп, монитордың қызмет ету уақытын ұзартады. Дұрыс емес вентиляция монитордың қызмет ету уақытын қысқартады.



LED көрсеткіші

## Орнату орны

- Төбе мен қабырға монитор мен орнату құралдарды ұстап тұру үшін берік болу керек.
- Есік құрылғыға тиіп кетпейтіндей етіп орнатыңыз.
- Қатты вибрация мен шаң болатын аумақтарға құрылғыны ОРНАТПАҢЫЗ.
- Негізгі қуат көзі ғимаратқа кіретін жердің жанында орнатушы БОЛМАҢЫЗ.
- Адамдар құрылғыға немесе орнату құралдарына оңай жете алатын немесе ұстай алатын жерге орнатушы болмаңыз.
- Қабырға сияқты оқшау жерге орнатқанда, дұрыс вентиляция болу үшін монитор мен қабырға арасында кемінде 4 дюйм (100 мм) бос орын қалдырыңыз.
- Ыстық құрылғыдан және орнату құралынан дұрыс таралатындай монитордың айналасында вентиляция жүргізіңіз немесе ауасын кондициялаңыз.

## Төбеге орнату

- Жер сілкінісі, күтілмеген вибрация және басқа да сыртқы күштерге төтеп беретін ұзақ уақыт бойы құрылғының және орнату құралдарының салмағын ұстап тұру үшін төбе берік екенін тексеріңіз.
- Құрылғы төбедегі кронштейн сияқты қатты құрылымға орнатылғанын тексеріңіз. Бұрандама, серіппелі құлыптау шайбалары, шайба және сомын көмегімен мониторды қауіпсіз етіңіз.
- Ішкі негізін ұстаушы құрылымы болмаған жерге орнатушы БОЛМАҢЫЗ. Орнату барысында ағаш бұранда немесе анкер бұранда пайдаланушы БОЛМАҢЫЗ. Кесілген немесе ілініп тұрған негіздерге орнатушы БОЛМАҢЫЗ.

## Қолдану


- Орнатылатын құралғыдағы бос бұралған бұрандаларды, бос орындарды, бұзылғанын немесе басқа да ақаулықтарды үнемі тексеріп отырыңыз. Егер ақаулық пайда болса, қызмет көрсетуші білікті маманға хабарласыңыз.
- Уақыт өте келе пайда болуы мүмкін бұзылу немесе әлсіздік белгілерін байқау үшін орнатылған орынды ұдайы тексеріп отырыңыз.

## Орнау құралдарын бекіту

Монитор VESA орнау жүйесі көмегімен пайдалану үшін жасақталған.

### 1. Орнау құралдарын бекіту

Құралдарды бекіту барысында мониторды еңкейтуші болмаңыз.



VESA Орнау интерфейсі

Орнау құралдары мониторға экранын төмен қаратып бекітіле алады. Экран бетін зақымдалудан алдын алу үшін LCD төменгі жағындағы үстелге қорғаныс тақтасын орналастырыңыз. Бастапқы жиынтықта LCD айналасы қорғаныс тақтасымен оралған. Мониторға зақым келтіретіндей үстел бетінде ешнәрсе жоқ екеніне сенімді болыңыз.


NEC корпорациясына сәйкес болғаннан және бекіткеннен басқа орнау құралдарын пайдаланғанда, олар VESA үйлесімді орнау әдісіне сай болу керек.

- ЕСКЕРТУ:**
- Мониторды беті жоғары немесе төмен қараған қалыпта бір сағаттан артық қалдырмаңыз, себебі ол экран жұмысына кері әсерін тигізуі мүмкін.
  - Орнатудың алдында мониторды жеткілікті бос орны бар тегіс беткейге қойыңыз.

### 2. Параметр тақтасын пайдалану

1. Басты қуат қосу пәрменін өшіріңіз.
2. Бекітілген бұрандаларды қайта ашу көмегімен орнатылған тесік жапқыштардың орнын ауыстырыңыз.
3. Параметр тақтасын монитор ішіне енгізіңіз.

- ЕСКЕРТУ:**
- Қол жетімді параметр тақталары үшін қызмет көрсетушіңізге хабарласыңыз.
  - Оны бұрандалармен бекітпестен бұрын қосымша тақтаны басқаруда шамадан тыс күш қолданбаңыз.
  - Тақтаның ұяшыққа дұрыс бағытта салынғанына көз жеткізіңіз.



1-сурет


### 3. Қосымша үстел тіреуін орнау және жылжыту

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** V552 құрылғысының тіреуін екі немесе одан көп адам, ал V652 құрылғысының тіреуін төрт немесе одан көп адам орнатуы және ажыратуы керек.

Орнау үшін тіреумен немесе орнау құралымен қоса берілген келесі нұсқауларды орындаңыз. Өндіруші ұсынған құрылғыларды ғана пайдаланыңыз.

- ЕСКЕРТУ:**
- V552 құрылғысында монитормен бірге берілген қалпақты бұрандаларды ҒАНА пайдаланыңыз.
  - V652 құрылғысында қосымша үстел тіреуінде берілген қалпақты бұрандаларды ҒАНА пайдаланыңыз.


LCD монитор тіреуін орнатқанда, саусақтарыңызды қысып алудан алдын алу үшін құрылғыны абайлап ұстаңыз.



- ЕСКЕРТУ:**
- V552 құрылғысында аяқтарының ұзын жақтары бетімен алға қарап тұратындай етіп тіреуді орнатыңыз.
  - V652 құрылғысында тіреуді бетінде көрсеткімен бейнеленген бағытта орнатыңыз.
  - V552 құрылғысына ST-4620, ал V652 құрылғысына ST-651 стандартын қолданыңыз.

### 4. Вентиляция талаптары

Қоршалған немесе оқшау аумақта орнатқанда, төменде көрсетілгендей ыстық таралып кетуі үшін монитор мен қабырға арасында жеткілікті орын қалдырыңыз.



Ыстық құрылғыдан және орнау құралынан дұрыс таралуы үшін, әсіресе бірнеше құрылымды экранда мониторларды пайдаланғанда, монитордың айналасында жеткілікті вентиляция болуын немесе ауамен кондициялауды қамтамасыз етіңіз.


- ЕСКЕРТУ:** Ішкі динамиктердің дыбыс сапасы бөлменің акустикасына байланысты өзгешеленеді.




## 5. Еңкейтуді алдын алу

Дисплейді қосымша үстел тіреуімен бірге пайдаланғанда, монитордың құлап қалуынан алдын алу үшін оның салмағын ұстап тұратын кабель немесе шынжырды пайдаланып қабырғаға LCD мониторын бекітіңіз. Берілген қысқыштар мен бұрандаларды пайдаланып кабельді немесе шынжырды монитормға бекітіңіз V652 құрылғысында қысқыштар мен бұрандалар қосымша үстел тіреуімен бірге берілген.

### V552



### V652




\*: қосымша тіреуде берілген.

LCD мониторын қабырғаға бекітпестен бұрын қабырға монитордың салмағын ұстап тұра алатынына сенімді болыңыз.

LCD мониторын жылжытпастан бұрын қабырғадан кабель мен шынжырды алып тастағаныңызды тексеріңіз.

# Бөлшектер атаулары мен функциялары

## Басқару тақтасы



### 1 POWER button (ҚУАТ түймешігі)

Қуатты қосады немесе өшіреді. Сонымен қатар 17 бетті қараңыз.

### 2 MUTE button (ДЫБЫССЫЗ түймешігі)

Дыбысты ҚОСАДЫ/ӨШІРЕДІ.

### 3 INPUT button (КІРІСТІРУ түймешігі)

OSD мәзірінде SET (ОРНАТУ) түймешігі болып қызмет атқарады. (DVI), [DPORT], [VGA], [RGB/HV], [HDMI], [DVD/HD], [SCART], [VIDEO1] (БЕЙНЕ1), [VIDEO2] (БЕЙНЕ2) немесе [S-VIDEO] (S-БЕЙНЕ) арасындағы қосқыш). Бұлар зауытта алдын ала орнатылған атау көрсеткендей кірістіруге ғана қол жетімді.

### 4 PLUS button (ПЛЮС түймешігі)

OSD мәзірінде реттеуді жоғарлату үшін (+) түймешігі ретінде қызмет атқарады.

OSD мәзірі өшірулі болғанда, дыбыс шығару деңгейін жоғарлатады.

### 5 MINUS button (МИНУС түймешігі)

OSD мәзірінде реттеуді төмендету үшін (-) түймешігі ретінде қызмет атқарады. OSD мәзірі өшірулі болғанда дыбыс шығу деңгейін төмендетеді.

### 6 UP button (ЖОҒАРЫ түймешігі)

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты жоғары жылжитқанда ▲ түймешігі ретінде қызмет атқарады.

### 7 DOWN button (ТӨМЕН түймешігі)

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты төмен жылжитқанда ▼ түймешігі ретінде қызмет атқарады.

### 8 EXIT (ШЫҒУ) түймешігі

OSD мәзірі өшірулі болғанда OSD мәзірін белсендіреді. Алдыңғы мәзірге өту үшін OSD мәзірінде EXIT (ШЫҒУ) түймешігі ретінде қызмет атқарады.

### 9 Remote control sensor and Power Indicator (қашықтан басқару сенсоры және қуат көрсеткіші)

Қашықтан басқарудан сигнал қабылдайды (сымсыз қашықтан басқару пайдаланылғанда) Сонымен қатар 12 бетті қараңыз.

LCD монитормы белсенді режимде болғанда жасыл болып жанады\*.

LCD монитормы POWER OFF (ӨШІРУЛІ) режимінде тұрғанда қызыл болып жанады.

Монитор Power Save (Қуатты үнемдеу) режимінде болғанда сары болып жанады. Power Standby (Қосымша қуат) режимінде «SCHEDULE SETTINGS» (КЕСТЕ ПАРАМЕТРАЕРІ) функциясымен бірге қосулы тұрса, жасыл мен сары түстер кезектесіп жыпылықтайды. Монитор құрамындағы компонент бұзылса, көрсеткіш қызыл болып жыпылықтайды.

\* Егер «OFF» (ӨШІРУЛІ) түймешігі «POWER INDICATOR (ҚУАТ КӨРСЕТКІШІНДЕ)» (25 бетті қараңыз) болса, LCD монитормы белсенді режимде болғанда LED көрсеткіші жанбайды.


### 10 AMBIENT LIGHT SENSOR (СЫРТҚЫ ЖАРЫҚ БЕРУ СЕНСОРЫ)

Монитордың артқы жарық параметріне автоматты реттеулер жасауға рұқсат беру үшін жақсы көрініс жұмысын ұсынып, орта жарығының деңгейін анықтайды. Осы сенсорды жаппаңыз. 19-бетті қараңыз.

### Control Key Lock (Басқару пернесін құлыптау) режимі

Бұл элемент барлық басқару перне функцияларына кіруді толықтай құлыптайды. Басқару пернесін құлыптау функциясын белсендіру үшін 3 секундтан көп ▼ және ▲ түймешіктерін бірдей басып ұстап тұрыңыз. Пайдаланушы режимін жаңарту үшін 3 секундтан көп ▼ және ▲ түймешіктерін бірдей басып ұстап тұрыңыз.

# Терминал тақтасы



Қазақ

## 1 AC IN connector (AC КІРУ коннекторы)

Берілген қуат кабеліне қосады.

## 2 Main Power Switch (Басты қуат қосу пәрмені)

Басты қуатты ҚОСУ/ӨШІРУ үшін қосу/өшіру функциясы.

## 3 RGB/HV IN [R, G, B, H, V] (BNC)\*

Басқа RGB жабдығынан аналог RGB сигналдарын немесе сигналдарды ендіру үшін.

Бұл DVD плеер, HDTV құрылғысы және Set-Top-Box сияқты жабдықты қосу үшін де арналған. Sync-on-Green сигналы G қосқышына байланысады.

Бұл енгізу функциясы RGB, DVD/HD немесе Бейне көзбен бірге пайдаланылады. TERMINAL SETTING (ТЕРМИНАЛ ПАРАМЕТРИНДЕ) сигнал түрін таңдаңыз.

## 4 DISPLAYPORT коннекторы

DisplayPort сигналдарын ендіру үшін.

## 5 HDMI коннекторы

Сандық HDMI сигналдарын ендіру үшін.

## 6 DVI коннекторы (DVI-D)

**IN connector (КІРУ коннекторы):** Сандық RGB шығару функциясы бар компьютерден немесе HDTV құрылғыдан сандық RGB сигналдарын енгізу үшін.

\* Бұл қосқыш аналог енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етпейді.

**OUT connector (ШЫҒУ коннекторы):** DVI сигналын DVI IN немесе HDMI коннекторынан DVI сигнал кірісімен шығару үшін. (DVI сигналы ғана, HDMI сигналы дұрыс шықпайды).

## 7 VGA IN (mini D-Sub 15 pin)

Дербес компьютерден немесе басқа RGB жабдығынан аналог RGB сигналдарын ендіру үшін.

## 8 VIDEO1 IN коннекторы (BNC)

Құрамдас бейне сигналды енгізу үшін.

## 9 LAN порты (RJ-45)

LAN байланысы. 34-бетті қараңыз.

## 10 RS-232C (D-Sub 9 pin)

**IN connector (КІРУ коннекторы):** RS-232C функцияларын басқару үшін компьютер сияқты сыртқы жабдықтан RS-232C шығару мүмкіндігін қосыңыз.

**OUT connector (ШЫҒУ коннекторы):** RS-232C шығыс көзіне байланысыңыз. Бірнеше құрылымдық MultiSync мониторларын RS-232C daisy Chain арқылы қосу үшін.

## 11 REMOTE IN (Қара)

Қосымша сыммен қашықтан басқаруды мониторға қосу арқылы оны пайдаланыңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Осы байланыс арнайы көрсетілмейінше пайдаланбаңыз. Remote IN (қашықтан КІРУ) функциясын пайдаланғанда, OSD мәзіріндегі IR CONTROL (басқару) функциясы NORMAL (ҚАЛЫПТЫ) болу керек.

## 12 AUDIO OUT (Көк)

Сыртқы құрылғыға (стерео қабылдағыш, күшейткіш, т.б.) AUDIO IN 1 DPORT және HDMI сигналынан дыбыс сигналын шығару үшін. Бұл коннектор құлақсапп терминалын қолдамайды.

## 13 AUDIO IN 1 (Көк)

Компьютер, VCR немесе DVD плеері сияқты сыртқы жабдықтан дыбыс сигналын ендіру үшін.

## 14 EXTERNAL SPEAKER TERMINAL (СЫРТҚЫ ДИНАМИК ТЕРМИНАЛЫ)

AUDIO 1, DPORT және HDMI сигналынан дыбыс сигналын шығару үшін.

Қызыл терминал плюс (+) болып табылады.

Қара терминал минус (-) болып табылады.

**Ескерту:** Осы сөйлеуші терминалы 15W + 15W (8 ohm) сөйлеушіге арналған.

## 15 Internal/External speaker switch (Динамиктерді іштей/сырттай өшіріп/қосу)

Ішкі/сыртқы динамикті қосу үшін ауыстырыңыз.

: Ішкі динамик : Сыртқы динамик:

**ЕСКЕРТУ:** Ішкі/сыртқы динамик қосқышын пайдаланғанда мониторды өшіріңіз.

## 16 Option board slot (Параметр тақтасының ұясы)

2 тесік түрлеріндегі құралдар қол жетімді. Толық ақпарат алу үшін жеткізушімен хабарласыңыз.


**ЕСКЕРТУ:** Қол жетімді параметр тақтасына арналған жеткізушіге хабарласыңыз.

## 17 Internal speaker (Ішкі динамик)

## 18 Kensington Lock (Кенсингтон құлпы)


Қауіпсіздігі үшін және ұрлаудан алдын алу үшін арналған.

\*BNC Кіріс сигналы



## 19 Бағалау белгісі

## Сымсыз қашықтан басқару



### 1 POWER (ҚУАТ) түймешігі

Қуатты қосады/күту режимін қосады.

### 2 INPUT (ЕНДІРУ) түймешігі

Ендіру сигналын таңдайды.

DVI: DVI  
 DISPLAYPORT: DPORT  
 VGA: VGA  
 RGB/HV: RGB/HV  
 HDMI: HDMI  
 DVD/HD: DVD/HD, SCART  
 VIDEO: VIDEO1, VIDEO2  
 S-VIDEO: S-VIDEO  
 OPTION: Байланыс түріне байланысты

### 3 PICTURE MODE (СУРЕТ РЕЖИМІ) түймешігі

Сурет режимін таңдайды, [HIGHBRIGHT] (АШЫҚ), [STANDARD] (СТАНДАРТТЫ), [sRGB], [CINEMA] (КИНО), [AMBIENT1] (ОРТА1), [AMBIENT2] (ОРТА2). 19-бетті қараңыз.

HIGHBRIGHT (АШЫҚ): DVD сияқты суреттерді жылжытуға арналған.  
 STANDARD (СТАНДАРТТЫ): суреттерге арналған.  
 sRGB: суреттерге негізделген мәтінге арналған.  
 CINEMA (КИНО): фильмдерге арналған.  
 AMBIENT1 (ОРТА1) және AMBIENT2 (ОРТА2): авто күңгірттену функциясын белсендіру. 19-бетті қараңыз.

### 4 ASPECT (АСПЕКТ) түймешігі

Сурет аспектісін таңдайды, [FULL] (ТОЛЫҚ), [WIDE] (КЕҢ), [DYNAMIC] (ДИНАМИКАЛЫҚ), [1:1], [ZOOM] (ҮЛКЕЙТУ) және [NORMAL] (ҚАЛЫПТЫ). 18-бетті қараңыз.

### 5 SOUND (ДЫБЫС) түймешігі

Ішкі/сыртқы сөйлеушілерге арналған жасанды орта дыбысы. Орта ON (ҚОСУЛЫ) болғанда дыбыс шығуы өшірулі болады.

### 6 KEYPAD (ПЕРНЕТАҚТА)

Құпия сөздерді орнату және өзгерту үшін түймешіктерді басып, каналды өзгертіңіз және REMOTE ID (ҚАШЫҚТАҒЫ ИДЕНТИФИКАТОР) нөмірін орнатыңыз.

### 7 ENT түймешігі\*2

### 8 DISPLAY (КӨРСЕТУ) түймешігі

OSD ақпаратын қосады/өшіреді. 19-бетті қараңыз.

### 9 MENU (МӘЗІР) түймешігі

Мәзір режимін қосады/өшіреді.

### 10 AUTO SETUP (АВТОМАТТЫ ОРНАТУ) түймешігі

Автоматты орнату мәзіріне кіреді. 21-бетті қараңыз.

### 11 EXIT (ШЫҒУ) түймешігі

OSD мәзірінде алдыңғы мәзірге қайтады.

### 12 UP/DOWN (ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН) түймешігі

OSD мәзірінде реттеу элементтерін таңдау үшін бөлектелген аймақты жоғары немесе төмен жылжытқанда ▲ ▼ түймешігі ретінде қызмет атқарады.  
 Реттелген «PIP» режимі бар кішкентай экран жоғары және төмен жылжиды.

### 13 MINUS/PLUS (-/+ ) (МИНУС/ПЛЮС) түймешігі

OSD мәзір параметрінде реттеу деңгейін жоғарлатады немесе төмендетеді.  
 Реттелген «CIC» режимі бар кішкентай экран солға немесе оңға жылжиды.

### 14 SET (ОРНАТУ) түймешігі

Таңдау жасайды.

### 15 VOLUME UP/DOWN (ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН) түймешігі

Дыбыстың шығу деңгейін жоғарлатады немесе төмендетеді.

### 16 CH UP/DOWN (ЖОҒАРЫ/ТӨМЕН) түймешігі\*2

### 17 GUIDE (ГИД) түймешігі\*2

### 18 MUTE (ДЫБЫССЫЗ) түймешігі

Дыбыссыз функциясын қосады/өшіреді.

### 19 STILL (ҚОЗҒАЛЫССЫЗ) түймешігі

ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймешігі: Қимылсыз сурет режимін белсендіреді/ажыратады.  
 STILL CAPTURE (ҚИМЫЛСЫЗ ТҮСІРУ) түймешігі: Қимылсыз суретті түсіреді.

## 20 PIP (Picture In Picture) (Сурет ішінде сурет) түймешігі

ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) түймешігі: PIP, POP, PICTURE BY PICTURE-ASPECT және PICTURE BY PICTURE-FULL арасындағы қосқыш. 23-бетті қараңыз.

INPUT (ЕНДІРУ) түймешігі: «Сурет ішіндегі сурет» ендіру сигналын таңдайды.

CHANGE (ӨЗГЕРТУ) түймешігі: Басты суретке және қосымша суретке орнын ауыстырады.

|             |         | Қосымша сурет |       |     |        |      |        |       |        |        |         |        |
|-------------|---------|---------------|-------|-----|--------|------|--------|-------|--------|--------|---------|--------|
|             |         | DVI           | DPORT | VGA | RGB/HV | HDMI | DVD/HD | SCART | VIDEO1 | VIDEO2 | S-VIDEO | OPTION |
| Басты сурет | DVI     | Жоқ           | Иә    | Иә  | Иә     | Жоқ  | Иә     | Иә    | Иә     | Иә     | Иә      | Жоқ    |
|             | DPORT   | Иә            | Жоқ   | Иә  | Иә     | Иә   | Иә     | Иә    | Иә     | Иә     | Иә      | Иә     |
|             | VGA     | Иә            | Иә    | Жоқ | Жоқ    | Иә   | Иә     | Иә    | Иә     | Иә     | Иә      | Иә     |
|             | RGB/HV  | Иә            | Иә    | Жоқ | Жоқ    | Иә   | Жоқ    | Жоқ   | Иә     | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | HDMI    | Жоқ           | Иә    | Иә  | Иә     | Жоқ  | Иә     | Иә    | Иә     | Иә     | Иә      | Жоқ    |
|             | DVD/HD  | Иә            | Иә    | Иә  | Жоқ    | Иә   | Жоқ    | Жоқ   | Иә     | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | SCART   | Иә            | Иә    | Иә  | Жоқ    | Иә   | Жоқ    | Жоқ   | Жоқ    | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | VIDEO1  | Иә            | Иә    | Иә  | Иә     | Иә   | Иә     | Жоқ   | Жоқ    | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | VIDEO2  | Иә            | Иә    | Иә  | Жоқ    | Иә   | Жоқ    | Жоқ   | Жоқ    | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | S-VIDEO | Иә            | Иә    | Иә  | Жоқ    | Иә   | Жоқ    | Жоқ   | Жоқ    | Жоқ    | Жоқ     | Иә     |
|             | OPTION  | Жоқ           | Иә    | Иә  | Иә     | Жоқ  | Иә     | Иә    | Иә     | Иә     | Иә      | Жоқ    |

## 21 REMOTE ID (ҚАШЫҚТАҒЫ ИДЕНТИФИКАТОР) түймешігі

REMOTE ID (қашықтағы идентификатор) функциясын белсендіреді.

## 22 MTS түймешігі\*2

## 23 AUDIO INPUT (ДЫБЫС ЕНДІРУ) түймешігі

Дыбыс шығару көзін [IN1], [DPORT], [HDMI], [OPTION]\*1 таңдайды.

## 24 түймешік

Жабық түсіруді белсендіреді.

Ескерту: VIDEO1, VIDEO2, S-VIDEO (БЕЙНЕ1, БЕЙНЕ2, S-БЕЙНЕ) ендірулер ғана.


\*1: Сіз сатып алған өнімде бұл мүмкіндік болмауы мүмкін.

\*2: Осы түймешіктің әрекеті пайдаланып жатқан параметр тақтасына байланысты. Қосымша ақпарат алу үшін параметрдің тақта нұсқаулығына қараңыз.

## Қашықтан басқару құралының пайдалану ауқымы

Түймені басқан кезде қашықтан басқару құралының жоғарғы бөлігін сұйық кристалдық дисплей мониторының қашықтағы сенсорына қаратыңыз.

Қашықтан басқару құралын қашықтан басқару сенсорынан шамамен 7 м (23 фут) аралықта немесе көлденеңінен немесе тігінен пайдаланғанда 30° көлемінде, шамамен 3,5 м (10 фут) аралықта пайдаланыңыз.



**Абай болыңыз:** Қашықтан басқару жүйесі күн сәулесі тікелей түсетін жағдайда немесе қашықтан басқару сенсорына қатты соққы тиген жағдайда немесе жолында қайнда да бір нысан тұрса, жұмыс істемеуі мүмкін екенін ескеріңіз.

## Қашықтан басқару құралын ұстау

Қатты тоққа түсуден сақтаңыз.

- Қашықтан басқару құралына су немесе басқа да сұйықтықтың құйылып кетуін болдырмаңыз. Егер қашықтан басқару құралы ылғалданса, бірден оны құрғатыңыз.
- Ыстық немесе бұдың әсерін алдын алыңыз.
- Қашықтан басқару құралын тек батареяны салу үшін ғана ашыңыз.

## 1. Орнату орнын анықтау

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** LCD мониторын білікті маман орнатуы қажет.  
Қосымша ақпарат алу үшін сағушыға хабарласыңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** V552 ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ТІРЕУІН ЕКІ НЕМЕСЕ ОДАН КӨП АДАМ, АА V652 ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ТІРЕУІН ТӨРТ НЕМЕСЕ ОДАН КӨП АДАМ ЖЫЛЖЫТУЫ НЕМЕСЕ ОРНАТУЫ КЕРЕК. LCD мониторы құлап қалса, осы сақтану ережесін орындамағанның салдарынан жарақат алуға себеп болуы мүмкін.


**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** Мониторды бетін жоғары қаратып, төмен қаратып немесе төнкеріп орнатуға немесе іске қосуға болмайды.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** LCD мониторында температура құрылғысы мен вентиляторлары, соның ішінде қосымша тақтаға арналған вентилятор бар. LCD мониторы тым ыстық болса, салқындатқыш вентиляторлар автоматты түрде қосылады. Қосымша тақтаның вентиляторы қосымша тақтаны суыту үшін қалыпты жұмыс істеу температурасынан төмен болса да, белсенді болып тұрады. Салқындатқыш вентилятор қосулы тұрғанда LCD мониторы қызып кетсе, «Абай болыңыз» ескертуі пайда болады. Егер «Абай болыңыз» ескертуі пайда болса, пайдалануды тоқтатып, құрылғыны салқындатыңыз. Салқындатқыш вентиляторын пайдалану арқылы ерте айналым сәтсіздігі ықтималдығын азайтып, сурет бұзылуы мен «Сурет инерциялығын» азайта аласыз. Егер LCD мониторы жабық аймақта пайдаланылса немесе LCD тақтасы қорғаныс экранымен жабылса, OSD (26 бетті қараңыз) мәзіріндегі «HEAT STATUS» (ЫСТЫҚ КҮЙІ) басқару элементі көмегімен монитор ішіндегі температураны тексеріп алыңыз. Егер температура қалыпты жұмыс істеу температурасынан жоғары болса, OSD мәзіріндегі FAN CONTROL (ВЕНТИЛЯТОРДЫ БАСҚАРУ) мәзірі ішіндегі салқындатқыш вентиляторын ON (ҚОСУ) режиміне қойыңыз (26 бетті қараңыз).

**МАҢЫЗДЫ:** LCD мониторы жинақталғанда айналасын қаптаған қорғаныс қалқанын, тақтаға зақым тигізбес үшін LCD мониторының астына жайыңыз.

## 2. Қашықтан басқару құралының батареяларын орнату

Қашықтан басқару құралы 1.5V AA екі батареямен қуатталады. Батареяларды орнату немесе орнын ауыстыру үшін:



- Қорғаныс жапқышын ашу үшін басып сырғытыңыз.
- Батареяларды қораптың ішінде (+) және (-) көрсеткіштеріне қарай реттестіріңіз.
- Қорғаныс жапқышын ауыстырыңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ:** Батареяларды дұрыс емес пайдаланғанда, бұл оның ағуына немесе жарылуына алып келуі мүмкін.

NEC корпорациясы батареяларды пайдаланудың келесі жолын ұсынады:

- «AA» өлшемдегі батареяларды әрбір батареядағы (+) және (-) белгілеріне сәйкестендіріп батарея ұяларындағы (+) және (-) белгілеріне орналастырыңыз.
- Батарея сұрыптарын шатастырып алмаңыз.
- Жаңа және ескі батареяларды араластырмаңыз. Бұл батареяның жұмыс қызметін қысқартып немесе батареялардан сұйықтық ағуына алып келуі мүмкін.
- Батареядан шыққан қышқыл заттың батарея ұясына ағуынан алдын алу үшін бірден жарамсыз батареяларды алып тастаңыз.
- Батареядан аққан қышқыл затты ұстаушы болмаңыз, өйткені ол теріні зақымдауы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Егер қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт бойы пайдалануды жоспарламасаңыз, батареяларды алып тастаңыз.

## 3. Сыртқы жабдықты қосу (15 және 16 беттерді қараңыз)


- Қоспастан бұрын сыртқы жабдықты қорғау үшін негізгі қуатты ажыратыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін пайдаланушыға арналған жабдық нұсқаулығына қараңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Мониторды немесе басқа да сыртқы жабдықты қосқанда кабельдерді қосушы/өшіруші болмаңыз, өйткені бұл монитор суретінің жойылуына алып келуі мүмкін.

## 4. Ұсынылған қуат кабелін қосу

- Жабдық оңай қол жетімді қуат розеткасына жақын орнатылуы керек.
- Бұранда мен қысқышты пайдаланып қуат кабелін LCD мониторына бекітіңіз.
- Ұштарын штепсель розеткасына толық енгізіңіз. Жеткіліксіз байланыс суреттің бұзылуына алып келуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** АС қуат кабелін дұрыс таңдау үшін осы нұсқаулықтың «Қауіпсіздік шаралары мен қолдану» бөлімін қараңыз.



## **5. Бүкіл берілген сыртқы жабдықтың қуатын қосу**

Компьютерге қосқанда, алдымен компьютердің қуатын қосыңыз.

## **6. Бекітілген сыртқы жабдықты іске қосу**

Қажетті кіріс көзінен сигналды көрсетіңіз.

## **7. Дыбысты реттеу**

Қажет болғанда дыбыс деңгейлерін реттеп алыңыз.

## **8. Экранды реттеу (21 және 22 беттерді қараңыз)**

Қажет болғанда экранның көрсетілім орнын реттеп алыңыз.

## **9. Суретті реттеу (21 бетті қараңыз)**

Қажет болғанда фон жарығы немесе контраст сияқты реттеулер жасаңыз.

## **10. Ұсынылған реттеулер**

«Сурет тұрақтылығы» тәуекелін азайту үшін пайдаланып жатқан бағдарламаға негізделген келесі элементтерді реттеп алыңыз: «SCREEN SAVER (ЭКРАН САҚТАУШЫ)», «SIDE BORDER COLOR (ЖИЕК ТҮСІ)» (26 бетті қараңыз), «DATE & TIME (КҮН ЖӘНЕ УАҚЫТ)» (23 бетті қараңыз), «SCHEDULE SETTINGS (КЕСТЕ ПАРАМЕТРЛЕРІ)» (22 бетті қараңыз). «FAN CONTROL (ВЕНТИЛЯТОРДЫ БАСҚАРУ)» параметрі (26 бетті қараңыз) де қосуды болғаны жөн.



# Байланыстар

**ЕСКЕРТУ:** Мониторды немесе басқа да сыртқы жабдықты қосқанда кабельдерді қосушы/өшіруші болмаңыз, өйткені бұл монитор суретінің жойылуына алып келуі мүмкін.


**ЕСКЕРТУ:** Ендірілген резисторды пайдаланбай дыбыс кабелін пайдаланыңыз. Ендірілген резистормен дыбыс кабелін пайдаланатын болсаңыз, ол дыбыс деңгейін азайтады.

## Байланыстарды жасамастан бұрын:

- \* Алдымен барлық бекітілген сыртқы жабдықтың қуатын өшіріп алыңыз да, қосыңыз.
- \* Жабдықтың әрбір бөлектелген бөлшегімен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығына қараңыз.

## Сым өткізу диаграммасы

Тұтас сызықтар = бейне сигнал  
Нүктелі сызықтар = аудио сигнал



\*: Тізбек шыңжырлы көп құрылымдық мониторлардың қосылатын мониторларға шектеуі бар.

| Қосылған жабдық | Терминалды қосу          | Терминал режиміндегі параметр        | Енгізу сигналының атауы | Дыбыс терминалын қосу | Қашықтан басқару құралының енгізу түймешігі |
|-----------------|--------------------------|--------------------------------------|-------------------------|-----------------------|---|
| AV              | DVI (DVI-D)              | DVI MODE (РЕЖИМІ): DVI-HD            | DVI                     | AUDIO IN1             | DVI   |
|                 | HDMI                     | RAW/EXPAND*1                         | HDMI                    | HDMI                  | HDMI  |
|                 | SBNC+БЕЙНЕ 1             | BNC MODE (РЕЖИМІ): SCART             | SCART                   | AUDIO IN1             | DVD /HD                                     |
|                 | VIDEO1 (БЕЙНЕ1) (BNC)    | -                                    | VIDEO1 (БЕЙНЕ1)         | AUDIO IN1             | VIDEO (БЕЙНЕ)                               |
|                 | S-VIDEO (S-БЕЙНЕ) (SBNC) | BNC MODE (РЕЖИМІ): S-VIDEO (S-БЕЙНЕ) | S-VIDEO (S-БЕЙНЕ)       | AUDIO IN1             | S-VIDEO (S-БЕЙНЕ)                           |
|                 | VIDEO2 (БЕЙНЕ2) (SBNC)   | BNC MODE (РЕЖИМІ): VIDEO (БЕЙНЕ)     | VIDEO2 (БЕЙНЕ2)         | AUDIO IN1             | VIDEO (БЕЙНЕ)                               |
| Компьютер       | DVD /HD (SBNC)           | BNC РЕЖИМІ: COMPONENT (КОМПОНЕНТ)    | DVD /HD                 | AUDIO IN1             | DVD /HD                                     |
|                 | VGA (D-Sub)              | -                                    | VGA                     | AUDIO IN1             | VGA   |
|                 | DVI (DVI-D)              | DVI MODE (РЕЖИМІ): DVI-PC            | DVI                     | AUDIO IN1             | DVI   |
|                 | RGB/HV (SBNC)            | BNC MODE (РЕЖИМІ): RGB               | RGB/HV                  | AUDIO IN1             | RGB/HV                                      |
|                 | DisplayPort              | -                                    | DPORT                   | DPORT                 | DISPLAYPORT                                 |
|                 | HDMI                     | RAW/EXPAND*1                         | HDMI                    | HDMI                  | HDMI  |

\*1: сигнал түріне байланысты.

## Жеке компьютерді қосу

Компьютерді LCD мониторына қосу арқылы компьютердің экран суретін көрсетуге мүмкіндік аласыз.

Пикселдер жиілігі 162 мГц-тен асатын кейбір дисплей карталарының суретті дұрыс көрсетпеуі мүмкін.

LCD монитормы зауыттың алдын ала орнатылған уақыт сигналын автоматты түрде реттеу арқылы суретті дұрыс көрсете алады.

<Зауыттың алдын ала орнатылған қарапайым сигнал уақыты>

| Ажыратымдылық | Зерттелетін жиілік |       | Ескертпелер     |
|---------------|--------------------|-------|-----------------|
|               | Көлденең           | Тік   |                 |
| 640 x 480     | 31,5 кГц           | 60 Гц |                 |
| 800 x 600     | 37,9 кГц           | 60 Гц |                 |
| 1024 x 768    | 48,4 кГц           | 60 Гц |                 |
| 1280 x 768    | 48 кГц             | 60 Гц |                 |
| 1360 x 768    | 48 кГц             | 60 Гц |                 |
| 1280 x 1024   | 64 кГц             | 60 Гц |                 |
| 1600 x 1200   | 75 кГц             | 60 Гц | Сығылған сурет  |
| 1920 x 1080   | 67,5 кГц           | 60 Гц | Ұсынылған шешім |

- Егер Macintosh құрылғысын пайдалансаңыз, құрылғыдағы «Көшіру» функциясын өшіріңіз. Компьютердің бейне шығару талаптары және монитор суреті мен мониторға қажетті кез келген нақты айқындау немесе конфигурациялау туралы қосымша ақпарат алу үшін Макинтош өнімінің иесі нұсқаулығына қараңыз.
- Ендіру TMDS сигналдары DVI стандарттарына сәйкес болады.
- Көрсету сапасын сақтау үшін DVI стандарттарына сәйкес болатын кабельді пайдаланыңыз.

## DVD плеерін немесе компьютерді HDMI шығумен қосу

- HDMI кабелін HDMI логотипімен бірге пайдаланыңыз.
- Сигнал бір сәтте ғана пайда болады.
- Кейбір дисплей карталарының немесе драйверлердің суретті дұрыс көрсетпеуі мүмкін.

## Компьютерді DisplayPort стандартына қосу


- DisplayPort кабелін DisplayPort сәйкес логотиппен бірге пайдаланыңыз.
- Сигнал бір сәтте ғана пайда болады.
- DisplayPort коннекторы қосылған компонентке қуатты жеткізбейтінін ескеріңіз.
- DisplayPort кабелін компонентке сигнал өткізгіш адаптері көмегімен қосқанда, сурет пайда болмайтынын ескеріңіз.
- Құлыптау функциясын көрсететін DisplayPort кабельдерін таңдаңыз. Осы кабельді жылжитқанда құлып ашу үшін жоғарғы түймешігін ұстап тұрыңыз.

# Негізгі операция

## Қуат ON (ҚОСУЛЫ) және OFF (ӨШІРУЛІ) режимдері


Қосылғанда LCD монитор қуатының көрсеткіші жасыл жанып, өшірілгенде қызыл немесе сары жанады.

**ЕСКЕРТУ:** Мониторды қашықтан басқару құралымен немесе қуат түймесумен қосу үшін негізгі қуат қосқышын ON (ҚОСУЛЫ) күйіне қойылуы керек.




OFF (ӨШІРУ)  
ON (ҚОСУ)

Негізгі қуат қосу пәрмені



Қуат түймесігі

Қашықтан басқару құралын пайдалану



POWER ON (ҚУАТТЫҢ ҚОСУЛЫ) түймесігі

## Қуат көрсеткіші

| Режим   | Күй көрсеткіш жарығы  |
|---|---|
| Power ON (Қуат ҚОСУЛЫ)  | Жасыл*1   |
| Қуатты OFF (ӨШІРУ) және Қуатты үнемдеу «AUTO STANDBY» (АВТОМАТТЫ КҮТУ)<br>Қуат тұтынуы 0,5 Ваттан төмен*2                                       | Қызыл   |
| Қуатты үнемдеу «AUTO STANDBY» (АВТОМАТТЫ КҮТУ)<br>Қуат тұтынуы 1 Ваттан төмен   | Сары  |
| «SCHEDULE SETTINGS» (КЕСТЕ ПАРАМЕТРАЛЕРІ) қосулы болғанда қуат күту режимінде болады  | Жасыл мен сары түстер кезектесіп жыпылықтайды                         |
| Диагностика (Қатені айқындау)   | Қызыл түстің жыпылықтауы (40 беттен Ақаулықтарды жою бөлімін қараңыз) |
| *1 If «OFF» (ӨШІРУ) режимі POWER INDICATOR (ҚУАТ КӨРСЕТКІШІНЕН) таңдалады (25 бет), LCD монитормы белсенді режимде болғанда, LED күйі жанбайды. |   |
| *2 Ешқандай параметрсіз, зауыт параметрлерінің көмегімен, тек VGA шығу  |   |

## Қуатты басқару мүмкіндігін пайдалану

LCD монитормы VESA қауымдастығы бекіткен DPM Display Power Management (Қуатты басқару мүмкіндігін көрсету) функциясына сай жұмыс істейді.

Қуатты басқару функциясы пернетақта немесе тінтуір белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмағанда дисплейдің қуат тұтынуын автоматты түрде азайтатын қуатты үнемдеу функциясы болып табылады.

Жаңа дисплейдегі қуатты басқару мүмкіндігі «AUTO STANDBY» (АВТОМАТТЫ КҮТУ) режиміне реттелді. Бұл сигнал анықталмаған кезде дисплейдің қуатты үнемдеу режиміне өтуіне мүмкіндік береді. Мұның дисплейді пайдалану мерзімін арттыруы және қуатты тұтынуын азайтуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Пайдаланылған компьютер мен дисплей картаға байланысты осы функция жұмыс істемеуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** POWER SAVE (ҚУАТТЫ ҮНЕМДЕУ) ON (ҚОСУЛЫ) кезде (26-бетті қараңыз), монитор қуатты басқару режиміне өтеді, HDMI үшін бірнеше секунд және DVD/HD, SCART, VIDEO1, VIDEO2 және S-VIDEO үшін 10 минут уақыт алады.

## Бейне көзін таңдау

### Мазмұн көзін көру үшін:

[VIDEO1], [VIDEO2], [S-VIDEO] ([БЕЙНЕ1], [БЕЙНЕ2], [S-БЕЙНЕ]) мүмкіндіктерін орнату үшін енгізу түймешігін пайдаланыңыз.

